

Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрі Абдалла бин Мұхаммед бин Ибрагим аль аш-Шейхтің 2002 жылғы 30 тамыз - 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 тамыз N 946

Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрі Абдалла бин Мұхаммед бин Ибрагим аль аш-Шейхтің 2002 жылғы 30 тамыз - 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп Астана және Алматы қалаларында сапарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының (қосымшаға сәйкес) орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі: сапарды өткізуге, оның ішінде Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясы мүшелерінің тұруына және тамақтануына 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына 3517753 (үш миллион бес жүз он жеті мың жеті жүз елу үш) теңге сомасында қаражат бөлсін; белгіленген тәртіппен Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясының мүшелері үшін келу және кету құжаттарын ресімдесін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясы мүшелерінің әуежайларда, тұратын және болатын жерлерінде қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігімен бірлесіп Сауд Арабиясы Корольдігі Әділет министрлігі делегациясы арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін; арнайы ұшақтың Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын, ұшуын, оған техникалық қызмет көрсетілуін, тұрағын және жанармай құйылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз

е т с і н .

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Сауд Арабиясы Корольдігі

Әділет министрлігінің делегациясын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіруді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына (келісім бойынша) жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 27 тамыздағы
N 946 қаулысына
қосымша

Астана және Алматы қалаларында Сауд Арабиясы Корольдігінің
Әділет министрлігі делегациясының сапарын дайындау және өткізу
жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясының мүшелерін және бірге жүретін адамдарды (1+8 форматы бойынша) Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйіне және Алматы қаласында "Анкара Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Республика Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь" және "Анкара Риджент Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсаттамалар, буклеттер,
к е н с е та у а р л а р ы н) дай ы н д а у .

4. Делегация басшысына сыйлық және делегация мүшелеріне кәдесыйлар сатып алу

5. Астана және Алматы қалаларындағы әуе жайлардың VIP-залдарында қызмет
к ө р с е т у .

6. Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясына күтіп алу және

шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай үстелдерін ұйымдастыру.

7. Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясының мәдени бағдарламасын (Астана және Алматы қалалары бойынша экскурсиялар, Астана және Алматы қалаларындағы мұражайларға бару, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қабылдау барысында музыкалық сүйемелдеуді) ұйымдастыру.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан ресми қабылдауды

("Окан Интерконтиненталь" қонақ үйіндегі залды жалдауды қоса алғанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы, Бас Прокурордың атынан ресми кешкі астарын ұйымдастыру.

9. Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі делегациясының мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.